

университет мұғалімдері, газет тілшілері мен жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жатады.

Қорыта айтқанда, кірме сөздердің ұлттық реңкін қалыптастыру үшін мемлекеттік тұрғыда ұлттық терминологияны қалыптастыруға, бұл бағытта мемлекеттік тіліміздің ұлттық корпусын қалыптастыруға аса мән беруіміз керек. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасын жаңа заман және ұлттық тіл саясаты тұрғысынан қайта жаңғырту қажет.

Ұлттық саясат контекстіндегі ұлттық жазудың теориялық аспектілері

Садуақасов А. Қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада саясаттану тұрғысынан ұлттық жазба тілінің ұлтшылдық, ұлт, лингвистикалық ұлтшылдық, ұлттық тіл, ұлттық жазба тіл, ұлт мәдениеті, ұлттық идея, ұлттық идеология, ұлттық сәйкестілік, мемлекеттік сәйкестілік, мемлекеттілік, өңірлік сәйкестілік, өркениеттің сәйкестілігі сияқты аспектілер зерделенген және әліпби мәселесін саяси зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізгі тәсілдері айқындалған.

Аннотация

В данной статье с точки зрения политологии в контексте национальной письменности изучены такие аспекты, как национальность, национализм, лингвистический национализм, национальный язык, национальная письменность, национальная культура, национальная идея, национальная идеология, национальная идентичность, государственная идентичность, государственность, региональная идентичность, идентичность цивилизации. Автором определены основные теоретико-методологические способы политического исследования проблемы алфавита.

Abstract

The scientific novelty of the article is concluded in the following statements of a problem: the aspects of national policy are learned and theoretical-methodological ways of political investigations of the alphabet are revealed; the interrelation category of national culture, national idea, national ideology, national identity, and national language in the context of national literature is analyzed.

Мемлекеттің ұлттық сипаттағы қоғамдық-саяси мәселелерді реттеп отыруға бағытталған аса маңызды саяси функциясын ұлттық саясат деп атаймыз. Мемлекеттің ұлттық саясаты барлық азаматтарға ортақ ұлттық идея мен ұлттық идеологияны жүргізе отырып, ұлттық-мемлекеттік рәміздерді бекіту мен ұлттың жаңғыруын жетілдіру, мемлекеттік тіл мен ұлттық жазуды мемлекеттік деңгейде дамыту, ұлттық мәдениет пен ұлттық сәйкестілікті нығайту, ұлттық қауіпсіздік, ұлтшылдық секілді кең ауқымды әлеуметтік-құқықтық, саяси-идеологиялық мәселелерді шешуі тиіс.

Қазіргі таңда әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде ұлттық саясат категориясына берілген нақты әрі біржақты анықтама жоқ. Мұның себебі, ұлттық саясаттың негізіндегі «ұлт» терминінің әр түрлі түсінікке ие болуында. Ұлт ұғымына қатысты жазылған еңбектердің қайсыбірінде болмасын оның негізінен этникалық, тілдік, әдет-ғұрыптық, психологиялық, аумақтық, мәдени сәйкестілікке негізделген қоғамдастық ретінде сипатталады.

Тарихи тұрғыда либералдық теоретиктердің ұлт туралы пікірлері екі түрлі бағытта өрбіді. Бірінші ағымның бастауында неміс философы Ж. Ж. Руссо тұрды. Ол азаматтардың бойында ниет түзулігі сезімі айқын көрініс бергенде ғана мемлекеттің тұтастығы мен саяси еркіндігі болатындығын айта келе, мықты әрі күшті саяси қауымдастық мүшелері біртұтас

фундаменталдық құндылықтарға негізделуі тиіс деп атап көрсетті. Руссо «ұлттық» мазмұнға қарағанда, саяси және моральдік өмір сапасына қатты мән берді [1]. Ал екінші ағымның көшбасшысы ұлтты адамзаттың табиғи элементі әрі тарихтың шынайы субъектісіне балаған неміс ойшылы И. Г. Гердер болды. Кез келген ұлт өзіне тән ерекшелікке ие, жасанды ережеге бағыну мен бөтеннің тәжірибесін қабылдау оған жат екендігін айта келе, – Гердер – индивидтер өздігінен өмір сүрмейді, өзін барынша дамыту үшін олар ұлттардың мүшесі болуы тиіс, ал ұлттар өз кезегінде оның тағдырымен бөлісіп, оны өзінің жетістіктерімен қамтамасыз ететін адамзаттың бөлігі деп түйіндеді. Сондай-ақ, ол мемлекет ұлтқа қарағанда жасанды құрылымға негізделеді, мемлекеттің табиғи шекарасы тек қана ұлттан құралуы тиіс деп тұжырымдады [2].

Этносаяси процестердің тарихын зерттеуші Ж. Қыдыралинаның айтуынша, қазіргі таңда «ұлт» ұғымы ғылыми тұжырымнан гөрі, саяси мағынаға ие. Әлемдік саясаттану ғылымында «ұлт» ұғымы «мемлекет» ұғымында қолданылады. Ұлттың қалыптасуы – бір елдің аумағында өмір сүріп, ең басты біріктіруші факторы отаншылдық сезімді арттыруға тиіс параметрлерді құрайтын жаңа қоғамдастықты негіздейді.

Ұлттың фундаменталдық сипаттамасы мемлекетшілдік болып табылады. Антика дәуірінде пайда болған «ұлт» ұғымы қандас туыстық байланысқа негізделген адамдар қауымына сәйкес келеді, осылайша бұл ұғым орта ғасырға ауысты. Тек орталықтандырылған моноэтникалық мемлекеттердің құрылуы «ұлт» терминіне саяси-құқықтық рең берді. Мемлекет – ұлтты адамдардың өзге әлеуметтік-этникалық қоғамынан бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін негізгі басым белгі. Мемлекетті ұлтқұраушы фактор ретінде қарастыруды алғаш рет неміс әлеуметтанушысы әрі философы М. Фебер, онан соң америкалық әлеуметтанушы К. Дейс және испандық философ Х. Ортега-и-Гассет ғылыми негіздеді [3, 9]. Осы тұжырымға қарап біз мемлекет пен ұлт ұғымдарының саяси негіздерінің ортақтығын байқаймыз.

Негізінде, ұлт пен ұлтшылдық жөніндегі модернистік теориялық пікірталастар ХХ ғасырдың соңғы ширегінде қызу өрбіді. Дәл сол кезеңде ұлт феноменіне арналған зерттеулер жарияланып, көптеген мемлекеттерде ұлт мәселесіне жіті көңіл бөліне бастады. Этносаясаттанушы әрі мәдениеттанушы Бенедикт Андерсонның, антрополог-тарихшы Пекка Валтоненнің, саясаттанушы Стюарт Холдың, антрополог-философ Эрнест Геллнердің, тарихшы Эрик Хобсбаумның, шығыстанушы А. Беннигсеннің, қақтығыстанушы Эвен Зохардың еңбектері ұлттық саясат, ұлтшылдық, ұлттық идеология, ұлттық сәйкестілік мәселелеріне арналды. Бұлардың барлығы да адам санасында ұлттық патриотизмнің оянуын, яғни ұлтшылдықты – жаңару кезеңінің феномені ретінде қарастырды. Мәселен, Э Хобсбаум «ұлт» ұғымын тікелей тарихпен байланыстырады. Оның айтуынша, «өткені жоқ ұлт – бұл терминдегі қарама-қайшылықтың өзінше бір түрі. Ұлтты өткен өмірі ғана жасайды; ұлттың жүріп өткен өмірі ғана оны басқалардың көз алдында ақтап алады» [4, 332] – деп ұлт мәселесін сөз еткенде оның тарихын негізге алу қажеттігін ескертеді.

Ұлттанушы модернистер «ұлттар мәңгілік өмір сүрмеген және адам өмірінің табиғи бөлігі болып табылмайды» деген ұстанымды қалыптастырды. Олардың айтуынша, адамдардың бір-бірімен ортақ тіл, дін және ұлттық мінез арқылы ұлтты құрайтындығы жөніндегі ұғымы Ағарту мен Ерте романтизм дәуірінде көңінен тараған. 1776 жылы АҚШ-тың тәуелсіздік алуы, 1789 жылы Францияда орын алған төңкеріс пен ХІХ ғасырдың бас кезінде Латын Америкасында пайда болған креольдік мемлекеттер ұлтшылдық кезеңінің қалыптасуының қайнар көзі ретінде зерттеушілер тарапынан жиі айтылады.

Америкалық этносаясаттанушы Бенедикт Андерсонның «Елестетілетін қауымдастық» тұжырымдамасына сәйкес ұлт елестетілетін саяси қауымдастық болып табылады [5, 7]. Ол өзінің бұл тұжырымдамасын Еуропада ХV–ХVІ ғасырда басталған «баспа капитализмімен» («print capitalism») түсіндіреді. Андерсонның айтуынша, осы уақыттан бастап баспа капита-

лизмі алдымен кітаптарды, кейіннен газет-журналдарды жаппай шығаруға ұйытқы болған. Әлемдік мәдениет жүйесінен ығысып, өлі тілдер қатарынан орын алған латын тілі – ағылшын, француз, неміс, итальян, испан, одан кейінгі кезеңдерде Шығыс Еуропа, Азия мен өзге де аймақ тілдерінің дамуына серпін берді. Осы кезеңде баспа өнімдерін оқитын бұқаралық оқырман қалыптасты. Үнемі бір баспа өнімін (газет, журнал, көркем әдебиет, оқулықтар т.б.) үзбей оқу арқылы оқырмандар санасында белгілі-бір, іштей байланысқа негізделетін елестетілетін қауымдастық қалыптасты. Осылайша олардың бойында ортақ сәйкестілік пайда болып, ол ұлттың қалыптасуына алып келді. Қалыптасатын осы іштей өзара байланысты қауымдастықтың негізі оған кіретін мүшелерінің барлығының ортақ сәйкестілігі болып табылады. Осының нәтижесінде ұлт туып, дамиды. Сәйкестілік дегеніміз – индивидтің белгілі бір адамдар тобына тиесілілік сезімін білдіреді. Белгілі бір адамдар қауымдастығымен өзінің байланысын сезгенде ғана адамда сәйкестілік пайда болады. Андерсонның пайымдауынша, тіпті кішкене ұлттың өкілдері ешқашан өзінің отандастарымен кездесе алмауы немесе олар туралы ешқашан білмеуі мүмкін, дей тұрғанмен, олардың барлығының ойында оларды біріктіретін байланыс жөніндегі елес өмір сүреді деп түйіндейді. Сондай-ақ, Андерсон баспа ісінің дамуы нәтижесінде типографиялық тілдер нарыққа тарай отырып, модерндік, ұлттық сананың қалыптасуына негіз болғанын, дәл осы процесте адамдар өздерінің тілдік туыстық жүйеге жататын жүздеген мың, тіпті миллиондаған өзге адамдардан тұратын топтың бар екендігін және дәл осы адамдар осы топтың бөлшегі екенін ұғына бастағанын айтады.

«Индивидтің өз ұлтын елестелетіндей етіп елестетуі үшін ұлттың негізгі сипаттамалары қандай?» деген сұраққа этносаясаттанушы Б. Андерсонның тұжырымдамасына сүйене отырып, саясаттанушы Р. Қадыржанов былайша жауап береді: «Біріншіден, өзінің уағызымен бүкіл адамзатты барынша қамтуға тырысатын діни қауымдастықтарға қарағанда ұлт шектеулі түрде елестетіледі немесе қарастырылады. Қандай ауқымды түрде болсын, ұлттың әрқашан да толығымен анықталған шекарасы (аумақтық, мәдени, тілдік және т.б.) болады. Осы шекаралардың ішінде ұлттың барлық мүшелері өздерін «біз», «өзіміз» деп (елестетеді) сезінеді. Ал ұлттық шекарадан тыс адамдарды «олар», «бөтендер» деп (елестетеді) қабылдайды.

Екіншіден, кез келген ұлт өзін тәуелсіз ұлт деп елестетеді. Ұлттың тәуелсіздігін білдіретін үлгіге қазіргі әлемде қоғамды саяси ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылатын ұлттық мемлекет жатады. Бүгінгі таңда әлемде империялар қалған жоқ, себебі оған кіретін ұлттық қауымдастықтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, сол арқылы өз ұлтын өзі басқаратын мемлекеттерге айналуы нәтижесінде барлық империялар құлады. Сондықтан да, ұлт туралы айтқан уақытта, заманауи саясаттануда ұлт-мемлекет ұғымы қолданылады.

Үшіншіден, ұлтты оның әрбір мүшесі қоғамдастық, қауымдастық, яғни терең интеграцияланған, тең серіктестік деп елестетеді. Ұлттың мүшесі ретінде оған кіретін әрбір адам қалғандарының барлығымен бірдей мәртебеге ие болады, бұл ұлт туралы тең қоғамдастық деп айтуға мүмкіндік береді. Десек те, барлық қатынастардың өзінде де мүліктік, қызметтік, білім және өзге де әлеуметтік қатынастар тұрғысынан мәртебелік теңсіздік орын алуы мүмкін. Серіктестік, ағайындық секілді ұлттың құрамына енушілік сезімі психологиялық жағынан өте терең болып келеді, оны белгілі-бір дәрежеде жанұя мүшесі болу сезімімен салыстыруға болады. Сол себепті де көптеген адамдардың ұлт үшін өз өмірімен қоса құрбандыққа даяр тұруы таңданыс тудырмайды» [6, 155–156]. Андерсонның елестетілетін қауымдастық жөніндегі осы тұжырымдамасы арқылы ұлттың қалыптасуына жазудың ықпал еткенін ұғынамыз.

Дүние жүзінде ең көп қолданылатын жазулар қатарына жататын латын, кирилл, араб, қытай, санскрит жазуларының қай-қайсысының болмасын шығу және таралу тарихына шолу жасар болсақ, онда осы жазулардың ең әуелі тікелей дінмен және миссионерлік саясатпен тығыз байланысты екендігін аңғарамыз. Мұның сырын әліпбитанушы-лингвист Д. Дириңгер

дүниежүзіндегі жазулардың генезисі мен эволюциясын салыстыра отырып, «әліпби дінге негізделеді» формуласы догматтық діни жүйеге бағынатын феодалдық формация дәуіріне ғана тән: шаруашылықтың табиғи сипаты жағдайында этникалық байланыстардың әлсіздігі, бір діни наным-сенімге иланушылық мәдениет саласындағы басты байланыстырушы фактор болып саналатын. Бұған қоса, бұл мәселе тұтастай шіркеуліктердің қолында болатын. Құл иеленушілік дәуірінің тұсында діни наным-сенім догматтық міндетті сипатқа ие болмады, сол себепті «әліпби дінге негізделеді» формуласы қолданысқа жатпады. Капитализм дәуірінде жекелеген елдердегі ұлттық буржуазияның өсуімен жазудың басты функциясы буржуазияның сауда-саттық және өзге де іскерлік мүдделеріне қызмет ете бастады, осының салдарынан әліпбилердің ұлттық сипаты басым түсті және «әліпби туға негізделеді» немесе «аталған ұлттық буржуазияның сауда-саттық мүддесін көздейді» деген қағидаттарды қолданды» – дей келе: «Неғұрлым кейінірек «әліпби дінге негізделеді» формуласында көрініс беретін басты фактор «әліпби туға негізделеді» және «әліпби сауда-саттыққа негізделеді» секілді қағидаттарға біртіндеп өз орнын бере бастағанын айтады [7, 629].

«Елестетілетін қауымдастық» тұжырымдамасына сүйенсек, алғашқы баспа өнімдері Еуропада тек қана латын тілінде жарық көрді, бірақ барлық капитализмге тән құбылыс ретінде баспа капитализмін дамыту логикасы нарықты кеңейтуді талап етті. Басқаша айтқанда, бұл процесс баспа өнімдерінің өндірісін тек латын тілінде ғана емес, сонымен қатар, діни емес, бұқаралық, халықтық немесе вернакулярлық тілдерде шығаруды талап етті. Мәселен, 1500 жылға дейін Еуропада басылып шыққан кітаптардың 77 пайызы латын тілінде болды. Атап айтқанда, 1501 жылы Парижде жарық көрген басылымдардың 8-інен өзгесі латын тілінде басылып шықты. Алайда, 1575 жылдан кейін кітаптардың көпшілігі вернакулярлық тілдердің бірі, яғни, француз тілінде жарық көрді. Бұл үрдіс уақыт өте келе күшейе түсті. Француз, ағылшын, неміс және Еуропаның өзге де вернакулярлық тілдеріндегі баспа өнімдерінің өндірісі мен нарығы үнемі кеңейіп отырды. Баспа капитализмі вернакулярлық тілдердің ұлттық тілдерге айналуына ықпал етті, ал бұл өз кезегінде баспа капитализмі дамуының саяси-лингвистикалық негізі болды.

Ғылыми әдебиеттерде латын жазуының шығуы мен таралуының әлемдік өркениеттерге ықпал еткендігі айтылады. Көрнекті әліпбитанушы Д. Дирингер бұл жөнінде: «Әліпби тарихында латын тілі мен латын жазуын ежелгі заманда римдік легионерлер мен императорлық шенеуніктер империяның барлық ұлан-ғайыр бөліктеріне және бірінші кезекте әлі эллинден беген аймақтарға әкелгенін қаперде сақтаған жөн. Кейбір елдерде (Галлия, Испания және Румыния) латын тілі жергілікті бұратана халық тілін ығыстырып қана қоймай, қазіргі роман тілдерінің түпнегізіне айналды. Олардың қатарындағы ең маңыздыларына италян, испан, португаль, француз және румын тілдері жатады, осы тілдердің барлығы да латын әліпбиін қабылдады.

Одан кейінгі кезеңдерде шіркеуліктер мен миссионерлер латын тілі мен латын жазуын шалғай аймақтарға да тарата бастады. Ол уақытта Католиктік Рим батыс әлемінің гүлденген ордасы, Еуропаның батыс, орталық және солтүстік бөліктерінің барлығына ғылым мен діннің тарайтын орталығы саналатын. Папа эмиссарлары, легаттары немесе миссионерлері өз заманының ілім-білімін уағыздау мақсатында Еуропаның түкпір-түкпірін саяхаттаған. Білім беру ісін жалғастыруда алқалы семинарлар немесе колледжер секілді мектеп түрі аббаттық болатын, ал кең көлемде бұл іске монастырлық жүйе де үлес қосты. Ол дәуірде монастырлар сауат ашатын жалғыз орталық болатын, мәселен, саксондық немесе нормандық ақсүйек дворяндар өз есімдерін жаза алмаған, оның орнына өзінің дінге адалдығын, келіскендігі мен мақұлдағанының символы ретінде христиандық крест белгісін (мұны қазіргі сауатсыздар да қолданады) пайдаланған. Біршама кезеңдерде тәрбиелеу ісімен тек монастырлық жүйе айналысса, кей жағдайларда ғана бұл істі монастырларда сауат алған оқытушылар басқарды.

Мәселен, Британ аралдарындағы ең ежелгі жазбашылар Ирландиядан шыққан монахтар немесе құрлықтан келгендер (көп бөлігі итальяндықтар) немесе шетелдік монахтардың жетекшілігімен білім алған адамдар болды. Сондай-ақ, білім берудегі маңызды орталықтарға соборлық мектептер де жатты.

Осының барлығының нәтижесінде римдік шіркеу тілі – латын (әрине, латын әліпбиін қолдана отырып) бірнеше ғасырлар бойы еуропалық мәдениет әлемінің халықаралық тіліне айналды. Соңғы үш немесе төрт ғасырғы табиғи дамудың нәтижесінде өзінің үстемдік мәртебесінен айырылып қалғанына қарамастан латын тілі қазіргі күнге дейін ғылыми шығармалар мен римдік католик шіркеуінің теологиялық трактаттарында кеңінен қолданылып келеді. Латын әліпбиінің қалыптасу барысындағы жағымды жағдайлар оны Еуропа халқының басым бөлігінің қабылдауына алып келді және түрлі лингвистикалық топтарға жататын тілдерге бейімделуіне негіз болды» [7, 628–629], – деп жазады.

Ұлттардың қалыптасуын Еуропадағы баспа ісінің дамуымен түсіндірудегі модернистердің өзіндік дәлелдері болғанымен, адамзаттың бұған дейінгі даму кезеңін адамзат тарихындағы ұлттардың қалыптасу кезеңінен бөлек қарастыру логикаға жатпайды. Өйткені, баспаның дамуына дейінгі кезеңдегі жазудың пайда болуы мен оның даму сатылары да адамдардың елестелетін қауымдастық жөніндегі санасының болуына ықпал еткен болуы әбден мүмкін. Баспаның негізінде ақпарат жатқанын ескерсек, ақпараттың ең алғашқы белгісі деп жазудың пайда болуын айтар едік. Дәл осы жазудың пайда болу кезеңінде адамның ақыл-ой қуатының құндылығы жазу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру мүмкіндігі пайда болды. Сондықтан да жазудың пайда болу кезеңін ұлттың қалыптасу эволюциясының генезистік кезеңі деп қарастыруға болады. Осы кезеңдерде адамдар өз ойларын тасқа, ағашқа, металға, тау жартастары мен әр түрлі бұйымдарға қашап жазу арқылы бір-біріне түсіндіріп келді. Сонымен қатар, жазулар әрбір діни қауымдастықтың сәйкестілік белгісі болумен қатар, адамдардың діни санасын дамытуға мүмкіндік берген болатын.

Ұлт пен ұлтшылдық жөніндегі ғылыми зерттеулердің шеңбері жаһандық мәдениеттердің араласуы жүріп жатқан қазіргі жаһандану заманында тіпті кеңейе түсті. Мәселен, ұлттың ұлтшылдығына қатысты «суб-аймақшылдық», «микро-ұлтшылдық», «этникалық ұлтшылдық», «этнизм», «этно-аймақшылдық», «аймақшылдық» немесе «лингвистикалық ұлтшылдық» секілді аспектілер бар. Қазіргі таңда ұлтты белгілі бір тілмен және жазумен байланыстыратын тұжырымдама «лингвистикалық ұлтшылдық» деген атауға ие. Лингвистикалық ұлтшылдықта тіл ұлттың қалыптасуы мен өмір сүруінің маңызды әрі шешуші факторы болып табылады. «Лингвистикалық ұлтшылдық» терминін алғаш рет ғылыми айналымға америкалық этносаясаттанушы Бенедикт Андерсон енгізді. Бұл жөнінде ол «Шығыстық және батыстық ұлтшылдық – айырмашылық бар ма?» атты мақаласында: «Мен лингвистикалық ұлтшылдық деп атаған ұлтшылдықтың бұл формасы ХІХ ғасырдың басында Еуропадағы династиялық империяларда пайда бола бастады және оның философиялық бастауында Гердер мен Руссо тұрды. Әрбір нағыз ұлт өзінің төл тілі мен әдеби мәдениетімен ерекшелене келе, екеуі бірге халықтың тарихи рухын көрсетеді деген сенім шешуші мәнге ие болды. Міне, осыдан келіп сол тұста сөздігі жасалмаған чех, венгер, украин, серб, поляк, норвег және т.б. көптеген ұлттардың тілдері үшін сөздік құрастыруға күш жұмсалды» [8] – деп жазды.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым әрі көрнекті мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынов әр ұлтқа төрт нәрсе керек. Олар: тіл, діл (ұлттық сана), дін және жазу. Осылары болса ғана әр халық – өзінше халық. Егер бұлардан айырылса, ол ел, халық болудан қалатындығын айтқан. Бұдан біз ұлттың ұлт болуы үшін жазудың да үлкен рөл атқаратындығын аңғарамыз. Осы орайда Р. Қадыржанов жазу мәселесінде екі аспект болатындығын, оның біріншісі – аталған жазуды пайдаланатын адамдар қауымдастығының ұлттық сәйкестілігімен байланысты, ал екіншісі – утилитарлы, яғни жазудың дыбыс пен тілдің сөзін білдіруге көмектесетін белгілі-

бір символикалық код ретіндегі қатынасы деп жіктей келе: «Лингвистикалық ұлтшылдық тұрғысынан алғанда ұлттың өмір сүруінің алғашқы, негізгі тірегі тіл болып табылады. Лингвистикалық ұлтшылдық үшін тіл – халықтың жан дүниесін білдіретін субстанция, сол себепті тіл қаншалықты өмір сүрсе, халық та соншалықты өмір сүреді. Тіл ұлттың территория, мемлекет, халық және т.б. секілді жеке меншігі болып саналады. Осы тұрғыда жазу екіншілік сипатқа ие, ол тек тілді жеткізудің техникалық құралы» [6, 156] – дейді. Ал норвег зерттеушісі Ивэр Нойманның «Егер бұрынғысынша ұлт идеясында басқарушы күшке мән берер болсақ, онда этникалық шекараның маркері тіл болады» – [9] деген пікірі ұлтшылдықтың лингвистикалық тұрғыдан қарастырылуының негізді екендігін айғақтайды.

Ұлттың мәдениетімен, тарихымен, тілімен, дінімен, ділімен (менталитет), ұлттық идеясы және идеологиясымен, бір сөзбен айтқанда, ұлттық саясатпен тығыз байланыстағы мәселенің бірі – жазу мәселесі. Осы орайда түрколог М. Ескеева: «Жазу – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Кез келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен, жазу тарихы жалпы адамзат тарихының бір саласы ретінде қарастырылады» [10] – дейді.

Тарихи деректерге сүйенсек, ғалымдар жазу-сызудың табиғатын түсінуге ықылым заманнан-ақ қызығушылық танытып келеді екен. XX ғасырдың орта шенінде жазба тілдер мен олардың мұрағаттарын зерттеуге деген қажеттілік тіл білімінің маңызды салаларының бірі ретінде графикалық лингвистиканың өз алдына толыққанды ғылым саласы болып қалыптаса бастауына алып келді. Лингвистер мен жазба тарихын зерттеуші палеограф мамандар жазу деген ұғымға «Жазу – мәліметтерді жазудың графикалық жүйесі, бәрінен бұрын – адами тілдің өмір сүру формаларының бірі» деген анықтама берді. Міне, осы анықтамадан-ақ жазудың адамзат баласы үшін қаншалықты маңызды екендігін білуге болады. Қоғамдық дамудың әрбір сатысында адамзат баласы жазудың бірнеше түрін пайдаланып келді. Оларға: идеографиялық, фоноидеографиялық, логографиялық, морфемалық, фонетикалық, буындық, консонанттық, консонантты-вокаликалық түрлері жатады. Ал ғалымдар әліпби деп – жазудың фонетикалық түрін атайды. Социолингвист Б. Кәрімов жазуды жасап шығару адамзат тарихындағы ең ұлы жаңалықтардың бірі болғанын айтады. Оның айтуынша, тілдің ауызша түрі социум мен индивидке ойды, ақпаратты құруға және оны кеңістіктегі аз ғана арақашықтық пен қысқаша уақыт аралығына таратуға мүмкіндік берді. Тілдің жазбаша түрі адамзат социумы мен индивид жасаған ақпаратты кеңістіктегі өте үлкен арақашықтыққа және өте ұзақ уақыт аралығына сақтауға жағдай жасады.

Бұл өзінің этнациялық тілінің жазбаша үлгісін жасаған әрбір этнация ойкуменінің географиялық тұрғыдан кеңейіп, орасан зор кеңістікке ұласуына, сонымен қатар, осы этнацияның ішкі әлеуметтік құрылымындағы ұрпақтан ұрпаққа берілетін ақпарат сапасы мен көлемінің барынша артуына негіз болған. Осы ретте этнацияның әлеуметтік құрылымына қосылған жеке тұлғалар санының үдемелі көбеюі жеке тұлғалардың синхронды аспектісінде және жеке тұлғалар ұрпағының диахронды аспектісінде де болды. Өзінің жазу жүйесін жасаған этнациялардың әлеуметтік құрылымы осы үдемелі сандық өзгерістен әлеуметтік құрылымның сапалық жаңа өзіндік әлеуметтік мүмкіндіктегі санатына көшіп отырды. Тарихи даму барысында осы әлеуметтік құрылымдар өзге әлеуметтік құрылымдарды ақпараттың жиналу ырғағы, білім, қарым-қабілет, тәжірибе мен инновацияның теориялық және практикалық жасампаздық қызметі жағынан, жеке тұлға мен социумның мәдени, ғылым, білім беру, заттық орта мен рухани өлемінің дамуы тұрғысынан, жеке тұлға мен социумның жаңғыру ырғағы бойынша инновациялық мүмкіндігі мен оны өмірге барынша енгізу жағынан басып озды. Дамудағы осы басып озушылық ақыр соңында этноәлеуметтік құрылымдар жүйесінде және олардың мемлекеттік жүйесінде, аймақтық және ғаламдық ауқымдағы геосаяси өзгерістерге ұшыратты. Сондықтан да жазу жүйесінің қалыптасуы, дамуы, қызмет етуі мен жетілдірілуі

этнациялардың, мемлекеттердің, өркениеттердің, әлемдегі аймақтардың және тұтастай әлемнің, ғаламдық Адамзаттың әлеуметтік дамуындағы маңызды фактор болып табылады екен [11]. Б. Кәрімовтің осы тұжырымы арқылы жазудың дамуы ғылым мен білімнің, мәдениет пен техниканың өркендеуіне алып келетіндігін, ал осы игіліктерді пайдаланған этнациялардың бәсекелестікке түсуі адамзат тарихындағы геосаяси өзгерістерге негіз болатындығына көз жеткіздік. Жазу тарихы адамзат тарихымен тығыз байланыста болса, ал тіл – ұлттың этникалық негізі екендігі дау тудырмайтын ақиқат. Ал әрбір ұлт тілінің төл дыбыстық ерекшелігі сол ұлттың жазу жүйесін өзге тілден ерекшелейді. Ал бұл дегеніңіз – жазудың тіл сияқты өркениет пен өркениетті, ұлт пен ұлтты, этнос пен этносты ажыратып беруге қабілетті этникалық саяси белгі болып табылатындығын білдіреді.

Жазу мәдениеті өркениеттіліктің негізгі өлшемі болып табылады. Адамзат баласы бүгінгі күнге дейін түрлі жазу-сызу, әліпби реформаларын бастан кешті. Өйткені, әр ұлттың өзінің ұлттық тілі болуы керектігі сияқты, сол тілдегі дыбыстарды таңбалайтын төл жазуының болуы да маңызды. Соған сәйкес әр халық ұлттық жазуы арқылы өз мәдениетін өзгелерден ерекшелей алады. Себебі, жазу – ол, біріншіден, белгілі бір ұлт немесе этнос тілінің лексикалық ерекшелігіне сәйкес этникалық болмысын байқататын кодтық белгі болса, екіншіден жазу әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыруының басты жолы болып табылады. Үшіншіден, жазу жүйесі негізінде жеткен ұлттық әдебиет арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің кешегісі мен бүгінгісі, тіпті болашағын да болжауға болады. Төртіншіден, ұлттық жазудың болуы – мемлекеттің мемлекеттілігінің көрсеткіші, соған қарап, ел мен елді ұлттық даму деңгейі тұрғысынан салыстыруға болады. Бесіншіден, ұлттық жазу – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі-бір ұлттың символикалық бейнесін көрсетеді, ұлттық идеологиясының әлеуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Руссо Ж. Ж. Об общественном договоре: Трактаты. – М., 1998. – С. 416.
2. Гердер И. Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.
3. Кыдыралина Ж. У. Межэтнические и межконфессиональные отношения в Казахстане: история и современность. Учебное пособие. – Астана: Академия государственного управления при Президенте РК, 2006. – 223 с.
4. Hobsbawm E. J. Nations and nationalisms since 1780. Programme, myth, reality. – 2nd edition. – Cambridge: Cambridge University Press, 1992.
5. Benedict Anderson. Imagined communities: reflections on the origin and spread of nationalism. – London: Verso, 1983. – P. 7.
6. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы / Ред. алқа: К. Ш. Хұсайын, Ә. Нысанбаев, К. Н. Бұрханов, С. А. Қасқабасов, М. Қ. Әбусейітова, Н. Қ. Нұрланова, М. Айдарханов, С. Құнанбаева. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
7. Дирингер Д. Алфавит. – М.: Едиторал УРСС, 2004. – 656 с.
8. Андерсон Б. Уявлені спільноти. – Киев: Критика, 2001.
9. Нойманн И. Использование «Другого»: Образы Востока в формировании европейских идентичностей. – М.: Новое издательство, 2004. – С. 30.
10. Ескеева М. Қазақ жазуының тарихи негіздері: оқу құралы. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2002. – 120 б.
11. Каримов. Б. Р. Тюркская и Центрально-Азиатская цивилизации и развитие мировой системы письменностей // Материалы Международной научной конференции Модернизация высшего образования и науки: пути и перспективы инновационного развития. – Алматы: КазНПУ, 2008. – 792 с.

